

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 4 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 мамырда № 9170 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 28 шілдедегі № 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің 28.07.2020 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 01-20/125 ұсынысы негізінде Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округінің Қараменді ауылында орналасқан Б.С. Мурзабековтың жеке ауласының аумағында ірі қара мал құтырығының эпизоотиялық ошағының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қостанай облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Науырзым аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге арналған қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қараменді ауылдық округінің әкімі

С. Байдильдинов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК